

«Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша 4 - 6 - сыныптар арасында «Суға ұқыпты карау - суды үнемдеу!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушылардың судың адам өміріндегі маңызы, пайдасы мен қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Қамтылған оқушы саны - 67.



“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында “Күзгі асар” жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге қатысқан оқушы-98, мұғалім-24.



11"А" сыныбы оқушылары ұлттық мерекеге арналған сынып сағатында тақырыпқа сай тапсырмалар орындап, пікір алмасты. Жетекшісі Ермекбаева А. Қамтылған оқушы саны -22



Әр оқушының бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жігер болуы керек. 9 “б” сыныбы. Сынып жетекші Н.Арапова. Қамтылған оқушы саны -19.



18.10.2024 ж. күні мектебімізде жоғары сынып оқушылары мен әкелерге жергілікті Әкелер одағының төрағасы Аллаберген Қонарбаев “Әке - отбасы тірегі” тақырыбында әкелер конгресін ұйымдастырды. Отбасындағы әкенің ролі, ер балаларды жауапкершілікке, ер мінезге тәрбиелеу туралы түсінік беріліп, ер адамның бойында болу керек қасиеттерді үйретіп, пікір алмасты. Қатысқан ардагер аталар -2, әкелер -25, оқушылар - 56.





“Жеңістің туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаев” тақырыбында 10 “Б” сыныбына сынып сағаты ұйымдастырылды. Өмірбаяны, ерлігі туралы оқушыларға бейнеролик көрсетілді. Оқушылар пікір алмасып, сұрақтарға жауап берді. Қамтылған оқушы саны - 16.




“Өнегелі 15 минут” Үзіліс уақытында уақытты тиімді пайдалану мақсатында 5-сынып оқушылары дойбы ойнап, мақал-мәтел айтып жарысты. Қамтылған оқушы саны – 43



Нашақорлық, құқықбұзушылық, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мектеп инспекторы мен дтжс оқушыларға жиналыс жасап қауіпсіздік шараларын ескертті. Мектепте тәртіптің сақталуы мен мектеп формасының ережеге сай сақталуы туралы түсінік жүргізді. Қамтылған оқушы саны - 77.



Аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция қызметкері оқушыларға жол бойындағы қауіпсіздіктің алдын алу және скутер, электромопед, электровелосипедтің жасөспірім өміріне туғызатын қауіпі туралы түсінік жұмысы жүргізді. Қамтылған оқушы саны - 87.





«Үстаз - аты биік, әрі мәңгілік!» тақырыбында өнерпаз оқушыларымыздың ұйымдастырған мерекелік концерті. Үстаздарға сыйлаған мерекелік көңіл-күй.



Мұғалім - мектептің жүрегі. Мереке қарсаңында 9-11-сынып оқушылары ізгі ниетпен «Ұстазым» әнін хормен орындады.



30.09.2024ж күні мектебімізде еңбек күніне орай 8”г” сынып оқушыларына “Еңбек түбі-береке!” тақырыбында ардагер аталарымызбен Ұлықманов. Д. Тоқтасинов. Х. Джексенбаев. Д. Муратбаев А. кездесу өткізілді. Мақсаты оқушыларымызға ардагер аталарымыздың әңгімесін ұғына білуді құрметтеуді, сыйлауды атаның батасын ананың алғысын ала білуді үйрету. Жаксы мамандық тандауға, еңбексүйгіштікке, іскерлікке еңбек адамдарына құрметпен карауға тәрбиелеу. Ардагер аталарымызға оқушылар сұрақ қойып, бата сұрады.



26.09.2024 ж. күні балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру мақсатында “ Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі” тақырыбында ата-аналарға жиналыс ұйымдастырылды. Жасөспірімдер психологиясын психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін әлеуметтік желілердегі қауіпті ойындар туралы айтып түсіндіріліп, үнемі баланы қадағалап, жиі жақын тартып сөйлесу, көңіл-күйлерін бақылап отыруға кеңес берді. Мектепте ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы жұмыс жасайтынын, мектеппен тығыз қарым-қатынаста болып бала тәрбиесіне жауапкершілікті арттыруға шақырды. Қамтылған ата-ана саны - 15.



“Күй күмбірі” оқушылар үзіліс кезінде уақытты тиімді пайдалану мақсатында күй тартып көңілдерін сергітеді. Қамтылған оқушы саны - 17.



Ата-аналарды педагогикалық колдау орталығы негізінде 11 «А» сыныбы ата-аналарына ұйымдастырылған бас қосуда мектеп ережесімен (мектеп формасы, тәртіп) таныстырып, оқушылардың оқуға ынтасын арттыру үшін үнемі қолдап, мектеппен тығыз байланыста болуға кеңес берді. Қамтылған ата-ана саны - 11.




“Даналық мектебі” жобасы аясында орта буынға өткен 5-сыныптар ата-аналарына мектеп психологтары психологиялық тренинг ұйымдастырды. Әр ата-анамен сыңып жетекшілері танысып, оқушы тәртібі мен сабақ үлгеріміне бақылау жасап отыруды тапсырды. Қамтылған ата-ана саны - 32.



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жоспары бойынша 1 “А” сыныбына ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Топтық тапсырмалар беріліп, оқушыларды үнемі қолдап отыруға шақырды. Қамтылған ата-ана саны -16



11.09.2024 ж. күні “Жанұям — қорғаным, ата-анам — тірегім” атты 5-сынып ата-аналарының жиналысы өтті. Жиналыс барысында сынып жетекшілер ата-аналарға мектептің ішкі ережесін таныстырып, психолог мамандар тренинг өткізді. Жиналыс соңында кері байланыс жасалып, ата-аналар өз ұсыныстарын жазып қалдырды.



Мектебімізде 1-5 сынып оқушылары арасында “Менің отбасым!” тақырыбында сурет салу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларымызға отбасы туралы түсінік беру. Қоғамда отбасы құндылықтары туралы насихаттау, ата-анасын, туыстары мен жақындарын бағалау мен құрметтеу.



„Абайлаңыз балалар” республикалық акция және „Құқықтық тәртіп” жедел-профилактикалық іс-шарасы

„N1 жалпы білім беретін мектеп” КММ-нің тәлімгері Э.Усманова мен мектеп инспекторы А.Байсырова бастауыш сынып оқушыларына жол қауіпсіздік ережелерін түсіндіру сабағын өткізді.

Максаты: Жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын жол - көлік оқиғасының алдын алу. Қатысқан оқушы саны – 47



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 10-11 сынып оқушыларына "Жемқорлық- қоғам дерті, дерттің емі онымен күресу" тақырыбында видеороликтер көрсетіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді.



“Менің Отаным - Қазақстан!” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



9-11 сынып қыз балаларына жаңа оқу жылындағы тәртіп, мектеп ережелері таныстырылып, түнгі мезгілде көшеде жүрмеу туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.



Қыркүйек, қазан айларында өткізілген шаралар 2024-2025 оқу жылы

“Мамандықты дұрыс таңдау-болашақтағы жетістіктің кепілі” тақырыбында жоспар бойынша кәсіби бағыт бағдар беруші мамандары 11 - сынып оқушыларына, түсінік жұмысын жүргізді.

Мақсаты: Жеке қабілеттерді тануға көмектесу. Жастарға өз қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтап, соларға сәйкес келетін мамандықты таңдауға бағыт беру. Еңбек нарығында қандай мамандықтарға сұраныс бар екенін түсіндіру және жастарды сол бағытта ойлануға итермелеу. Әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат беріп, олардың артықшылықтары мен қиындықтарын түсіндіру арқылы оқушылардың саналы таңдау жасауына көмектесу.

Қамытылған 44 оқушы

Ұйымдастырған: Кәсіби бағыт бағдар беруші мамандар.

